

Жұмыссыз азаматтарға өз істерін ашуға және өздерін жұмыспен қамту үшін материалдық көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 15 мамырдағы N 125 қаулысы. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 17 маусымда N 8-5-70 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 05 сәуірдегі N 29 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 2010.04.05 N 29 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес, Қаражал қалалық Мәслихатының XII сессиясының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 99 "2009 жылға арналған қала бюджеті туралы" (2008 жылғы 29 желтоқсанда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде тіркеу нөмері 8-5-60, 2008 жылы 30 желтоқсандағы N 53 "Қазыналы өңір" газетінде жарияланған) шешімі негізінде, Қарағанды облысының әкімдігінің 2005 жылғы 14 қаңтардағы N 02/45 "Жұмыссыз азаматтарға өз істерін ашуға және өздерін жұмыспен қамту үшін материалдық көмек көрсету туралы" қаулысына сәйкес, жеке кәсіпкерлікті дамытудағы жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік қолдау мақсатында Қаражал қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға тіркелген жұмыссыз азаматтардың өз істерін ашуға және өздерін жұмыспен қамту үшін материалдық көмек көрсету жөніндегі жұмыстар ұйымдастырылсын.

2. Өз істерін ашуға және өздерін жұмыспен қамтулары үшін материалдық көмек алуға тілек білдірген жұмыссыз азаматтардың өтініштерін қарайтын консультативті-кеңесші комиссия (қосымшаға сәйкес) құрылсын.

3. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне (Гармашова Н.Н .) :

1) өз істерін ашу және өздерін жұмыспен қамтулары үшін материалдық көмек алуға (әрі қарай – материалдық көмек) тілек білдірген жұмыссыз азаматтардың өтініштерін қарау және тіркеу, сонымен қатар материалдық көмекті тағайындау (бас тарту) туралы шешім қабылдау халықты жұмыспен қамту жөніндегі уәкілеттік органға жүктелсін;

2) материалдық көмек айлық есеп көрсеткіштің 40 еселік мөлшерінде 50 920 (елу мың тоғыз жүз жиырма) теңге сомасында көрсетілсін.

4. Жұмыссыз азаматтардың материалдық көмекті мақсатты пайдалануын, жұмыссыздардың өздерін жұмыспен қамтулары жөніндегі жүргізілген шаралардың тиімділігін бақылау функциялары жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жүктелсін.

5. Қаражал қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 15 шілдедегі N 215 "Жұмыссыз азаматтарға өз істерін ашуға және өздерін жұмыспен қамту үшін материалдық көмек көрсету туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын (Қаражал қаласы әділет басқармасында 2008 жылы 25 тамызда тіркелген тіркеу нөмірі 8-5-56, 2008 жылғы 6 қыркүйекте "Қазыналы өңір" газетінің 36 нөмірінде жарияланған).

6. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары З. Оспановаға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енеді.

Қала әкімі *Ғ. Мұқашев*
Қаражал қаласының әкімдігінің
2009 жылғы 15 мамырдағы N 125
қаулысына қосымша

Өз істерін ашуға және өздерін жұмыспен қамтулары үшін материалдық көмек алуға тілек білдірген жұмыссыз азаматтардың өтініштерін қарайтын комиссия құрамы

| | |
|---------------------------------|---|
| Оспанова Замзагуль Кажмұқанқызы | - Қаражал қала әкімінің орынбасары комиссия төрағасы; |
| Гармашова Наталья Николаевна | "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы; комиссия төрағасының орынбасары; |
| Оспанбекова Динара Жанатқызы | "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығының орынбасары комиссия хатшысы; |
| Комиссия мүшелері: | |
| Саденов Жаныс Қыстауұлы | Жәйрем кенті әкімі; |
| Пак Наталья Робертовна | "Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы; |
| Шманов Алмаз Айтжанұлы | Қаражал қаласы бойынша салық комитетінің салық төлеушілермен жұмыс істеу бөлімінің бастығы (келісім бойынша); |
| Гуляева Елена Игорьевна | "Қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы; |
| Смагулова Толқынай Ахметқызы | Бас маман - қала әкімінің ішкі саясат және әлеуметтік сала мәселесі жөніндегі орынбасарының кеңесшісі |
| Жиенбаев Саттыбай Тойымбекұлы | Қаражал қаласы әкім аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің меңгерушісі; |
| | |

| | | |
|-----------------------------|----------|---|
| Бекмагамбетова Құдышқызы | Жибек | "Экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы |
| Сыртанбеков Ханафияұлы | Серикбай | Қалалық Мәслихат депутаты, (келісім бойынша) |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК